

«Теңізшевройл» ЖШС жоспарланған қызметтің оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдарын қамтитын (ҚОҚТ) жобаларына қатысты ТШО-ның әсер етуге экологиялық рұқсатын алуға өтінім пакетін қарау бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулардың хаттамасы.

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:

Атырау облысы Жылыой ауданының әкімдігі.

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

Жоспарланған қызметінің жобалары бойынша экологиялық бағалау материалдарымен бірге әсер етуге экологиялық рұқсатты оңайлатылған тәртіппен алу үшін өтінім құжаттамасы (ҚОҚТ):

1. Отын жүйесін модификациялау;
2. Шикі мұнай құю станциясындағы ғимараттарды бұзу;
3. Ескі қазандықтың түтін мұржасын бұзу;
4. ӨБ СТН нысанындағы сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту;
5. Қазақстан Республикасы Атырау облысындағы Теңіз кен орнында орналасқан Т-0001К тік өндіру ұңғымасын 4535 метрге дейін тереңдету бойынша техникалық жоба;
6. Сарқынды суларды айдау жүйесінің жерүсті жабдықтарын жаңғырту. Сорғы станциясы ғимараты. Түзету;
7. Сарқынды суларды айдау жүйесінің жерүсті жабдықтарын жаңғырту. Түзету;
8. Ескі қазандықтың түтін мұржасын жаңғырту. Түзету;
9. «Теңізшевройл» ЖШС ұсынған, Жылыой ауданы аумағында орналасқан 28" «Теңіз – Кұлсары» газ құбыры мен 20" «Кұлсары – Теңіз» су құбырын жерүсті объектілерімен бірге бөлшектеу бойынша СР-22-3093 жобасын іске асыру барысында бүлінген және бүлінуі мүмкін жерлерді қайта қалпына келтіру бойынша жұмыс жобасы;
10. ВАСН-2 ұңғымалар тобының учаскесін дайындау және аяқтау. (Т-6858, Т-001К, Т-7040, К-0009), 1 және 2 кезек. Түзету;
11. Қазақстан Республикасы Атырау облысындағы Теңіз кен орнында орналасқан Т-0108 тік өндіру ұңғымасын 4492 метрге дейін тереңдету бойынша техникалық жоба;
12. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнында орналасқан Т-6858 өндіру ұңғымасын 5195 метр (оқпан бойынша) тереңдікке дейін бұрғылау бойынша техникалық жобаға бүйірлік оқпан салу жөніндегі толықтыру;
13. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнында орналасқан Т-7040 өндіру ұңғымасына 4943 метр (оқпан бойынша) тереңдікте бүйірлік оқпан салу бойынша техникалық жоба;
14. Мұнай жинау жүйесін жаңғырту. ПКС10-3;
15. ВАСН-2 Т-0108 ұңғымасын дайындау және аяқтау. Түзету;
16. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнында орналасқан №10-3 ұңғымалар тобында Т-4741 көлбеу-бағытталған өндіру ұңғымасын 5262 метр (оқпан бойынша) тереңдікке дейін бұрғылау бойынша техникалық жоба;
17. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнында орналасқан Т-15NT ұңғымасын 1700 метр тереңдікке дейін бұрғылау бойынша техникалық жоба;
18. Мұнай жинау жүйесін жаңғырту. ПКС46-1;

19. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнындағы №10-3 ұңғымалар тобында орналасқан Т-5143 келбеу-бағытталған өндіру ұңғымасын 4633 метр тереңдікке дейін бұрғылау бойынша техникалық жоба;
20. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнындағы №10-3 ұңғымалар тобында орналасқан Т-4943 келбеу-бағытталған өндіру ұңғымасын 4585 метр тереңдікке дейін бұрғылау бойынша техникалық жоба;
21. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнындағы №10-3 ұңғымалар тобында орналасқан Т-4945 келбеу-бағытталған өндіру ұңғымасын 4899 метр тереңдікке дейін бұрғылау бойынша техникалық жоба;
22. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнындағы №14-2 ұңғымалар тобында орналасқан Т-6545 келбеу-бағытталған өндіру ұңғымасын 5167 метр тереңдікке дейін бұрғылау бойынша техникалық жоба;
23. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнындағы №14-2 ұңғымалар тобында орналасқан Т-6547 келбеу-бағытталған өндіру ұңғымасын 4767 метр тереңдікке дейін бұрғылау бойынша техникалық жоба;
24. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнындағы №14-2 ұңғымалар тобында орналасқан Т-6551 келбеу-бағытталған өндіру ұңғымасын 5280 метр тереңдікке дейін бұрғылау бойынша техникалық жоба;
25. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнындағы №14-2 ұңғымалар тобында орналасқан Т-6646 келбеу-бағытталған өндіру ұңғымасын 4974 метр тереңдікке дейін бұрғылау бойынша техникалық жоба;
26. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнында орналасқан Т-0108 ұңғымасын жою бойынша жоба;
27. Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнында орналасқан Т-6858 ұңғымасын жою бойынша жоба;
28. Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары.

(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы:

ҚР ЭПТРМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК (<https://ndbecology.gov.kz> порталы арқылы), Атырау облысы табиғи ресурстарды және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Теңіз кен орны; өндірі: 53° 24' 36; бойлығы: 46° 09' 49.

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Атырау облысы, Жылыой ауданы.

(белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

«Тенгизшевройл» ЖШС: Атырау қаласы, Қаныш Сәтбаев көшесі, 3 ғимарат; БСН: 930440000929; тел.: +77123026000, факс 77123022826; lyab@tengizchevroil.com, www.tengizchevroil.com.

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары):

«Poligram Atyrau» ЖШС: Атырау қ., Ақ Шағала, Ақберен к-сі, 7 үй, 6 блок, 2 пәтер. БСН: 080540000973, тел.: +7 7122 30 5137, www.poligram.kz, info@poligram.kz; «Atyrau City» ЖШС: Атырау қ., Сары Арқа мөлтек ауданы, 33-62, БСН: 050740003454, тел. +7 7122 97 0889, +7 7122 97 0998; «КМГ Инжиниринг»: Атырау қ., Елорда даңғ., 10, БСН: 180541015056, тел. +7 7122 30 5404, факс: +7 7122 30 5400, kmgen.kz, g.ismaganbetova@kmge.kz; "Каспиймұнайгаз" ҒЖЗИ АҚ: Атырау қ., Абай к-сі, 5, БСН:011040002347, тел.:+7 7122 99 2804, факс +7 7122 99 2882, www.nipi-cmg.kz, kaspimunaigaz@cmg.kz; "WOOD KSS" ЖШС Атырау қ., Қаныш Сәтбаев к-сі, 46 үй; "Prime CAPITAL CORPORATION" ЖШС: Ақтау қ., Толқын 2 тұрғын алабы, 90/6 үй; "Терра" қашықтықтан зондтау орталығы және ҒАЖ " ЖШС, Алматы қ., Көк-Төбе м., Роза Бағланова көшесі, 83 үй, тел.: +7 (727) 236-08-74, info@gis-terra.kz.

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

09 қыркүйек, 15.00, қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты: 14.30, қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты: 15.00. Өткізілу орны: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкөмген а.о., Майкөмген а., Қарашұңгіл көшесі, 4, Мәдениет үйі ғимараты мекенжайы бойынша/ Zoom қосымшасы арқылы онлайн түрде;

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Хаттар хаттамаға 1 - Қосымшада қоса ұсынылды.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Тіркеу парағы хаттамаға 2 - Қосымшада ұсынылды.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz>, жарияланған күні: 04 тамыз 2025 жыл, тіркеу нөмірі: 25322823001.

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында (ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні) Жергілікті атқарушы органның веб-сайтында (Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы) <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/details/1045956> "Қоғамдық тыңдау" бөлімінде, жарияланған уақыты 05 тамыз 2025 жыл.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

Баспасөз беттерінде: «Кең Жылыой» №29 (8181) 24 шілде 2025 ж., «Прикаспийская коммуна» №29 (20831) 24 шілде 2025 ж., «Атырау» №29 (20894) 24 шілде 2025 ж. шықты.

Газеттің сканерленген титулдық беттері және қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген беттер хаттаманың 3-Қосымшасында ұсынылған.

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

«Атырау» облыстық телеарнасы: жүгіртпе жол арқылы жарнамалық хабарландыру 2025 жылдың 24 шілде айында берілді. Эфирлік анықтамала хаттаманың 4-Қосымшасында ұсынылған.

(теле- немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың видео және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, көнттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, мекенжайы бойынша дана хабарландыру.

Хабарландыру тақтасы Майкөмген ауылында Айнымас, 74 көшесі бойынша Майкөмген а.о. әкімдігінің ғимаратында орналасты. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасының 5-Қосымшасында қоса беріледі.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

09.09.2025 «Жақтаған» - 99 қатысушы (38 залдан, 61 онлайн), «Қарсы» – 0 қатысушы, «Қалыс қалған» – 0 қатысушы.

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

09.09.2025 «Жақтаған» - 99 қатысушы (38 залдан, 61 онлайн), «Қарсы» – 0 қатысушы, «Қалыс қалған» – қатысушы.

Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың барлығы регламентті бірауыздан мақұлдады.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер: Баяндамашы – Еркінбаева Гүлмира, «Тенгизшевройл» ЖШС экология бөлімінің үйлестірушісі.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

Баяндама және презентация тақырыбы: «Мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған және жоспарланған қызмет жобалары бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін әзірленген экологиялық құжаттама». Баяндама – 6 бет, презентация – 30 слайд.

Қоғамдық тыңдауға ұсынылған құжаттар бойынша баяндаманың мәтіндері осы қоғамдық тыңдау хаттамасының 6-Қосымшасында қоса берілген.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсынстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.


15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: берілген жоқ.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.


17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары

 "11" қыркүйек 2025 жыл.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:


"11" қыркүйек 2025 жыл

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қоғамдық тыңдау өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі.

09 қыркүйек 2025 ж.

т/а №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға қайтарылған жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
1	2	3	4
1	Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Рахмет, Гулмира, баяндамаңызға. Енді сұрақ болса жұртшылық атынан, жауап беруге дайынбыз. Сұрақтарыңыз бар ма? Бізде зум арқылы тіркелген тұрғындардан бар ма сұрақ?	Нұрадин Өмірбаев – ТШО Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі: Онлайн сұрақ қоюшылар болса жауап беруге дайынбыз.	Хаттамаға енгізілді.
2	Өтегенова Бақтыгүл Мұхтарқызы - Қоғамдық кеңес мүшесі: Саламатсыздар ма! Бұл жобаның, қазір енді алып келіп тұрсыз ғой бірнеше жобаны, мына Майкөмген ауылына әлеуметтік жағынан қандай көмегі бар? Қандай әсері бар? Қазіргі таңда жұмыс орны ашыла ма? Ең болмаса денсаулықтарына бірдеңе алып келе ма? Инфрақұрылымға қандай несі бар? Мен қазір тағы сұрақ қоям, жауабыңызды күтейін. Жоқ, күтейін. Жоқ, кей лимиттер асып кеткен, кейбіреулері екі мыңнан асып кеткен. Жоқ, асып кеткен ғой. Экологтар көріп отырсыздар ма дегенім ғой. Кейбір жерлерін көріп отырмын, мен жазып отырмын, екі мыңнан асып кеткен қалдықтары. Мүмкін зиян шығар, мына жерден неше шақырым ана 45 шақырым ба? Қанша шақырым жақын деп тұрсыздар? Онда значит денсаулыққа зиян деген сөз ғой.	Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Рахмет сұрағыңызға. Түсіндіңдер ме сұрақты? Кім жауап береді? Нұрадин Өмірбаев – ТШО Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі: Рахмет, Бақтыгүл, мен жауап берейін. Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Сұрақтарды қойып тастасаныз. Нұрадин Өмірбаев – ТШО Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі: Бұл жоба енді жаңа өзіңіз тындадыныз, көп экологиялық ортаға қоршаған ортаға әсері жоқ, себебі мұржаны бұзу, сондай мұржаны қайта салу, және су линиясын темір құбырды пластикке ауыстыру, Теңіз кең орнында. Жоқ, ол асып кеткен емес лимиттарден ішінде ғой, бөлінген лимиттарден аспайды. Қазір жауап береді мамандар. Талғатбек Мұратбаев – ТШО экология бөлімінің кеңесшісі: Мен түсіндіріп кетейін, қарасаңыздар, бұл жобалардың экологияға әсері болмашы және сіз көрсеткен анау қалдықтардың ішінде екі мың, үш мың тонна деп, бұл құрылыс қалдықтары. Құрылыс қалдық дегеніміз мысалы, Нұраддин мырза айтқан мұржаны сындырған кезде шыққан мысалы, кірпіші, тасы соны	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды

	Болмашы емес, бізге ол жақын тем более 45 шақырым, жаңа қанша дедіңіз Майкөмген бұл жерге? Жаңағыдай үлкен мұржаны құлату, оның бәріне шаңы деген осы жерге дейін жетеді деп ойлаймын. Көрсете аласыздарма құрылғыларыңызды? Ол жерде шаң дегенді қазір алып тастаған сияқты. Біздерде экологиялық аудит бола ма осыдан кейін? Мына жерде лимит асып тұрғой, екі мыңнан асып кеткесін біздер уже қорқамыз ғой. Майкөмген ауылы ауырмайды деп отырған жоқпыз, аллергиямен ауыратын адамдар, бұлардың жаңағыдай қауіптілігін кім сақтайды, қауіптілігін кім қорғап отырады? Қай жерге дейін таралады? Айтып берінізші. 48 км, неше километрге дейін? Тек қана лимитпен көрсетіп отырсыз ғой. Шаңы бері қарай неше километр	алады да, оны неғұрлым бізде құрылыс қалдықтарын қайта пайдалану, қайта өңдеуге тырысады, яғни экологиялық қоршаған ортаға әсерін азайту мақсатында оны неғұрлым қайта пайдалануға әрекет жасалады, мысалы, ішінен шыққан бетонды біз қайтадан қиыршыққа айналдырып, оны мысалы, щебенка ретінде қолдануға, сол себепті оның экологиялық әсері болмашы деп айтуға болады. Рахмет. Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Выброс бар ма? Соны ғой сұрап отырғаны. Талғатбек Мұратбаев – ТШО экология бөлімінің кеңесшісі: Выброс мында негізі проект бойынша, қарасаңыз таблица бойынша көрініп тұр, өте болмашы, үлкен әсері жоқ. 48 километрде орналасқан Майкөмгенге жоқ деуге де болады. Енді оған тағы да өзіміз айта кетейік, ТШО компаниясы комплексті экологиялық мониторинг, бақылау жүргізеді. Сол мониторингтің ішінде бізде ауаның С33да арнайы маршрутные точкалар бар, соларда он бір точкада С33ны қадағалаймыз. Негізі ластанғыш заттардың асып кету жағдайлары жоқ. Әрине, көрсете аламыз. Өзіміз бірнеше тындалымдарда айта кеткенбіз, СНОС дейді ғой, станция наблюдения за охраной окружающей среды. Сондай мысалы төртеуі С33 бойында орналасқан, яғни санитарлық қорғау аумағының шекарасында. Сізде тікелей мүмкіндік бар оны қадағалауға. AIR.KZ приложениесін жүктеп алсаңыз. Көрінеді, негізгі ластауыш заттар көрінеді. Негізінде тікелей мониторинг жүргізіледі, 24 сағат бойынша сол станциялар көрсетеді. Рахмет. Серік Жумин – ТШО экология бөлімінің жетекші маманы: Мен қоса кетейін. Мына атмосфералық ауаға жаңағы есептер жасаймыз ғой. Сол кезде мына ауадан бөлінетін шаң тағы басқа ластаушы заттар, олардың таралу есебін жасаймыз. Бұл жерде ешқандай жаңағы концентрациядан аспайды, нормаға сай. Өте аз мөлшерде бөлінеді, кішкентай мөлшерде. Проекттердің ішіне кіріп танысуға болады, ішінде бәрі жазылған әсері де бәрі де ластаушы заттар қай жерге дейін	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды
--	--	---	---

кететінін сіздер білулеріңіз керек. Сол жерде қаншама құрылғыларыңыз бар Тенгизде ТШОда неужели сіздер бұзатын болғаннан кейін денсаулығын қарау үшін есептеулеріміз керек қой. Аудит не үшін құрылады, экологиялық аудит барма деп тұрғаным сол ғой сіздерден. Экологиялық аудит барма? Бір сұрақ. Экспертиза емес аудит керек бізге деген. Сіздер тек қана айтып тұрсыздар, а конкретно неше шақырым нешеге тең келетін айтпайсыз ғой. Шақырымдарыңызды біліп тұрмыз, Майкөмген неше шақырым ТШОдан, бірақ сіздер соған дейін шаңның басқа да қалдықтарының қаншаға келеді айтпайсыздар былай айтқанда. Сіз экологсызба? Эколог ретінде, сіз мына көрсетіп тұрғандай лимит жетпейді деп ойлап тұрсыз ба? Эколог ретінде болмашы деп, бізге болмашы емес, бізге километрмен айтыңыз, санмен айттыңыз, болмашы деген не сөз? Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы:	таралады деп сұрап жатырсыз. Компанияның СҚА аспайды. Проекттер тиісті экологиялық экспертизадан өтеді. Талғатбек Мұратбаев – ТШО экология бөлімінің кеңесшісі: Бақытгүл ханым, түсіндіріп кетейін. Жана мен айтып кеттім ғой өз сөзімде бізде санитарлық қорғау аймағында, яғни ол заводтардан 10 км жерде орналасқан санитарлық қорғау аймақта сол яғни біздің былай айтқан кезде виртуальный шарбақ бар, картада жасыл жиекпен көрсетілген. Соның бойындағы станцияларда бұл жаңағы әріптесім Серік айтқандай, модельдеуде шаңның, ластаушы заттардың концентрациясы соған жетпейді деп кетті. Бұл жерде, яғни әсері санитарлық қорғау аймағына да жетпейді. Иә, ал сіздер айтқан сол санитарлық аймақтан ары қарай 48 километр ең жақын орналасқан Майкөмген ауылы, яғни Майкөмгенге шаңның жетуі мүмкін емес, өйткені санитарлық қорғау аймақтан қашық жерде орналасқан. Ия, мен экологпын. Картаны көрсетуге болама? Жақсы сұрақ қойып жатырсыз, біліп хабардар болғаныңыз дұрыс, енді бізде түсіндіруге дайынбыз. Міне қарасаңыз картада көріп тұрсыз ғой, мынау қызыл шекарамен орын алған біздің Королев пен Теңіз кен орындары, бүгінгі ұсынған жұмыстар, жобалар олар кішігірім, яғни проекты намечаемый деятельности. Олар осы Теңіз кен орнында жоспарланған, Теңіз кен орнының өзінен ана көрсетіліп отырылған жасыл санитарлық аймаққа дейін СЗЗ орысша айтып кетсек, соған дейін 10 километрдей бар. Сол СЗЗның бойында бізде комплексті кешенді мониторинг жүргізіледі. Яғни былай айтқан кезде лаборатория келіп тексереді маршрутный точкаларды. Сонымен қатар 24 сағат жұмыс істейтін станция наблюдения бар, охрана окружающей среды. Солардың көрсеткіштері бойынша ластаушы заттардың былай айтқан кезде превышениясы жоқ. Сол себепті біз айта аламыз да, болмашы әсер туралы, ал осы санитарлық аймақтан Майкөмген ең жақын орналасқан 48 километр қашықтықта. Жоқ енді 10 километрде жоқ деп тұрмын ғой. 10 километрдегі санитарлық аймақта әсері болмайды.	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды
---	--	---

Осыда қазір сіз жасайтын жұмыстарыңыздан выброс әрі қарата бара ма бармай ма? Өтегенова Бақтыгүл Мұхтарқызы - Қоғамдық кеңес мүшесі: Проектті көрсетінізші, Лимиттерді көрсетінізші шаңның, қатерлі қалдықтардың лимиттерін көрсетінізші. Сіздер мына жерде мың, екі мың халыққа, неше мың халық бар Нұржарық аға, 1160? Экологиялық аудиттердің есептерін көрсете аласыздарма? Бұрынғылардың көрсете аласыздарма? Жақсы сіздердің сөздеріңізге сенейік, қазір біз аудитке келеміз. Сұрауға келген сіз олардың бәріне дайын келуге дайынсыз ба? Бұрынғы осындай жобалармен келдіңіздер. Сол аудиттердің есептері барма? Мониторинг, хоть бірдемелер мониторингты көрсетпейсіңдер сіздер бізге даже есебінде көрсетпейсіздер. Жинау қалдықтар лимиты жүзден асып кеткен. Тағы да бар ұңғымаларда екі мыңнан асып тұр да же. 49 дейді, 8, 0.5, міне көріп тұрсыздар ма, Тұрғындар? Екі мыңнан асып кеткендер де бар. КМГ Инжиниринг дейді, ия. Енді біреулері бар алдында тағы біреулері одан да көп. Мынау қалдық лимиты 3600, тағы біреуі мынау жақсы, енді бұл үш мың болып тұр жинақтау лимиты ғой бұл. Мен, мысалы, дәрігер ретінде манағы ұңғымалардың ішінде неужели қауіпті де қалдықтар болады, білесіз ғой. Қауіпті қалдықтар болады эколог ретінде, солар шаңмен ұшып келетін болса деп айтып тұрмын мен, мына Майкөмгенге ұшып келетін болса, мына жерге адамдар тұра алмайды деген сөз. Яғни, сіздер Майкөмген аулының ешқандай аллергиялық аурулар жоқ деп ойлайсыздар да? Бронхтардың жетеді ғой, ауыл деген ауру сырқаудан	Талғатбек Мұратбаев – ТШО экология бөлімінің кеңесшісі: Бармайды. Яғни, әріптесім жана түсіндірді ғой, модельдеу жұмыс нәтижесі бойынша зиянды әсер байқалмайды деп. Бақытгүл ханым, екінші сұрағыңыз болды ғой экологиялық аудитке қатысты. Аудит деген ол экологиялық тексеру ия. Бізде компанияда экологиялық бақылау бағдарламасы бар ғой. Соның аясында біздің әріптестер бүкіл мысалы, Теңіздегі объектілерді бойынша өзіннің графигі бар, соған сәйкес экологиялық сәйкестікке тексеріледі, ол біздің жұмысымыздың бір бөлігі, сонымен қатар мемлекет тарапынан профилактикалық тексерулерде бар. Қазір сондай біреуі, мысалы, жүріп жатыр Теңізде, яғни бізде қадағалау бар, ол екінші жақтан жүреді. Бақытгүл ханым, дұрыс айтасыз, енді қазіргі заманда ол Национальная база данных, соған мысалы, біз өзіміздің кварталный/тоқсандық отчеттарымызды ПЭК отчет дейді ғой сол ПЭК құрамында инспекция нәтижелері бар. Оны біз жібереміз тоқсандық отчет құрамында. Біз әрқашан ашықпыз және жауап беруге дайынбыз. Серік Жумин – ТШО экология бөлімінің жетекші маманы: Соңғы слайдты ашып берініздерші, бұрғылау деген, соңғы проекттер. Келесі слайд, келесі Гүлнұр. Демонтаж трубы. Қазір түсіндірейін. Мына жерде мына кестеде Бақытгүл ханым, атмосфералық ауаға шығарындылар көлемі көрсетіледі 49 тоннадай, сосын қалдықтарын жинақтау лимиті 8 тоннадай және қалдықтардың көмілуі тек 500 килограмм немесе 0.5 тонна. Ол өте аз салыстырмалы түрде. Барлық проекттер бойынша осы мәліметтің бәрі берілді. Иә, әріптесім түсіндіріп берді ғой, бұны мұржаны бұзған кезде өте көп қоқыс қалдықтар пайда болады кірпіштер тағы да басқа қалдықтар. Олар бәрі жиналғасың мына 3631 тонна пайда болады. Бақытгүл ханым, сізге айтып жатырмыз бізде есептеулер бойынша бұл ешқандай қалдықтар осы Майкөмгенге дейін	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды
--	--	---

	көз ашпай жатыр. Сіздер әдейі осы жерге келіп тұрсыздар жақын деп, ал енді сіздер денсаулық неге зерттемейсіздер, неге статистика жасатпайсыздар бұл жерге? Неге экологияға жатады ғой, неге зерттемейсіздер? Экологиялық нәрсеге аудит қайда деп тұрғаным сол ғой білесіздер ма? Тек қана бір жақтағымен келіп тұрсыңдар, ал халықтың денсаулығын екінші жағын ойламай келіп тұрсыздар. Біздер жоқ деген сөзді естіп тойып болдық қой. Енді сіздер сондайларды бір нәрсе үзінді қылып көрсетіп кетпейсіңдер. Біз оның алдында жиналыстарға келіп жатырмыз. Сіздер ешқандай аудитті көрсетпейсіңдер біздерге, статистиканы көрсетпейсіздер. Ия, Қостанай мен Қарағанды мен салыстырып отырған шығарсыздар. Біз салыстыруға келмейміз, потому что біздер жақын отырмыз Теңізге, 47 деген тіпті километр деген жап-жақын жер емес пе? Қалай деп ойлайсыздар сіздер? Ауа-райы сондай керім деп ойлайсыздар ма Майкөмгенде? Жақсы Құлсарыдан қашып отырсыздар мына жақта өткізіп, жақсы енді ары қарай статиканы алып келмейсіздер ма? Экологиялық аудит әкел деп тұрғаным сол менің уже сұрайтын уақытымыз келді біздің экологиялық аудитті. Экологиялық аудит көрсетпей, біз ештеңе айта алмаймыз мына жерде, Сіз қаншама жоғалып кетіп, келіп тұрсыз мына жерге. Түтіннің ішінде оның мұржаға жабысып қалған қырғын қалдықтар бар ғой, улы қалдықтар бар, азот болсын, басқа да қалдық жетеді, оның ішінде ал оны бәленбай жыл сақталып келгенде бұзғаннан кейін біз экологиялық аудит сұрауға біз міндеттіміз. Болмашы деген сөздеріңізге келіспеймін. Гүлнафис ханым біздер онсыз да қызыл аймақтан алып тастадыңыздар Құлсырыны, біздер өтемақы сұрайтын едік кезінде ең басында. ТШО қызыл аймаққа кіргізгеннен кейін өтемақы берілген болатын. Одан кейін қызыл аймақтан алып тастапты Құлсарыны, өтемақы берілмей қалды. Енді хотя бы	жетпейді. Мына санитарлық қорғау аймағынан аспайды. Бақытгүл ханым, бұл жерге тағы да айтып берейін. Бұл жерде біздер барлық экологиялық көрсеткіштерді көрсетіп отырмыз сізге. Ал мына зерттеулер, олар экологиялық емес басқа санитарлық талаптар. Талғатбек Мұратбаев – ТШО экология бөлімінің кеңесшісі: Бақытгүл ханым, мысалы, жаңа айтып жатырмыз ғой, әсері санитарлық қорғау аймақтарын шықпайды деп. Бірақ және де сіздің сұрағыңызға жауап ретінде, осы аймақта зерттеулер жүргізіп жатырсыңдарма деген сұрақ қойып жатырсыз ғой. Біз өзіміз алдыңғы бірнеше қоғамдық тыңдауларда талқылау болған осы туралы Жылыой ауданында және де оған жақын маңындағы ауылды мекендерде ауа сапасына арнайы зерттеулер жүргізіп жатыр. Бірінші этапты бітті. Тимур Сапаев - ТШО экология бөлімінің жетекші маманы: Саламатсызба. Айсауле можете да в переводе? Бахытгуль, смотрите в Республике Казахстан действует Экологическое законодательство и есть методология. Согласно этому процессу через Департамент экологии данные проекты прошли по упрощенному порядку. Экологическая оценка по упрощенному порядку была проведена согласно методологии: были проведены расчеты, было проведено моделирование. В рамках упрощенного порядка полноценная оценка здоровья не проводится, потому что влияние минимальное от проектов, поэтому они идут через упрощенный порядок. Поэтому это строительные проекты с локальным воздействием которое находится внутри санитарно-защитной зоны. Все объекты работают внутри, всё оценено согласно методологии и действующему законодательству. Есть процесс нормирования, есть процесс регулирования, всё это изучено и доказано. Қазіргі заңнамаға сай осы біздің әдістемеміз жеңілдетілген әдістеме мен бүкіл есептемелер жүргізілген бүкіл осы қатерлер бағаланған және оның ішінде жеңілдетілген әдістемеге осы халықтың денсаулығын бағалау кіргізілмейді. Өйткені экологияға, жалпы қоғамға, қауымға оның әсері жаңа айтқандай болмашы, жоқ десе де болады. Нұртас Кенганов – ТШО Өндірісті оңтайландыру / еңбек қауіпсіздігі,	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды
--	--	---	---

Майкөмгенді қызыл аймаққа алыңдар или болмаса конечно сіздер мында статистиканы көрсетпей тұрсындар. Біздің денсаулығымызға байланысты статистиканы өлшемей тұрсындар, есептемей тұрсындар. Біз сонда құрттай частичка келсе де ауырмайды деп ойлайсындар ма? Неужели мына жерде мынандай жағдай, мына жер деген талдан толып тұру керек қой. Зияны болмаса талға толып тұру керек еді. Сіздер егіп жатыр, екпей жатыр деп ойламаймын, әкім егіп жатыр деп ойлаймын талдың бәрін, бірақта осы жердегі ауа мысалы, Құлсары мен екі ортада қанша шақырым? 57 километр ана жердегі тазалықтағы шаңы түтіннің иісі сіздерге келеме келмей ме? Иә, қазір айтып тұрсыз ғой. Енді сіз біз оның алдында тандауларда, Нұрадин мырза, есіңізде ғой, біздер қайта айтып жатырмыз, тәуелсіз сарапшылар керек бізге, экологиямызды зерттейтін анықтайтын тәуелсіз сарапшылар керек. Біздер оған қатысайық, сіз алдында құрамыз деп бір айтыңдар, одан кейін бізді кіргізбейтін болдыңдар. Құлсарыдан белсенділерді хоть қоғамдық кеңесті кіргіз дегенде, оныда кіргізбейміз дедіндер. Сіздердің ауаны зерттейтін аппараттарыңыз бар ТШОда білем, бірақ соның құрамына кіргіз дегенде сіздер кіргізген жоқсындар. Енді келіп, тағы да мынандай лимиттен асып келіп тұрсындар. Бізге қалайда экологиялық аудит керек. Соны көзбен көргіміз келеді болды, басқа ештеңе айтпаймын.	қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бас менеджері: Рахмет көп сұрағыңызға, Бақытгүл ханым. Бағана айтып жатырсыз ғой ауа сапасын өткізесіздер ме деп. Осы шілде айынын бастап, біз бүкіл Жылыой ауданының, Жылыой ауданы арасында Майкөмген соған кіреді, Майкөмген бар, Қосшағыл бар, Жаңа Қаратонымыз бар, Құлсарымыз. Зерттеу институтын алып, олар қазір ауа сапасын зерттеу жүргізіп жатыр, оны жергілікті әкімшілік біледі. Біз бұл хабарламаны аудан әкіміне хабарладық, жергілікті әкімшіліктерде біледі. Сол нәтижесін, сосын біз жергілікті Атыраудың экология департаментіне жібереміз, сосын не болмаса халыққа да көрсетеміз, онын ешқандай жасырыны жоқ. Оның алдында 2024те де өткізілді сондай зерттеу, сосын былтыр біз осында рұқсат алғанда сондай шарт қойған бізге Комитет экологии, Жылыой ауданында тағы бір зерттеу өткізу деген, соған келістік те, осы биыл шілде айында басталды. Ол бір жыл уақыт жүргізіледі, себебі әрбір тоқсан сайын тексеруіміз керек. Қыс айын, жаз айын, көктемін, күзін бәрін қарап шығуымыз керек. Нұрадин Өмірбаев – ТШО Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі: Жақсы, рахмет, Бақытгүл ханым. Сіздің сұрағыңызға мен жауап берейін. Мана айтып жатырсыз ауа сапасын зерттеу өткізесіз бе деп. Шілде айынын бастап Жылыой ауданында, арасында сол Майкөмген кіреді, Қосшағыл бар, Жаңа Қаратон бар, Құлсары бар. Зерттеу институты ауа сапасын зерттеу жүргізіп жатыр. Бұл жасалып жатқан ауаны зерделеу жұмыстары ол тәуелсіз, біздің адамдар емес, тәуелсіз РНИЦ деген компания, солар өздері зерделеп жатыр. Жергілікті әкімшілік біледі. Аудан әкіміне де хабарладық. Оның нәтижесін сосын жергілікті Атырау облысы бойынша экология департаментіне тапсырылады. Сосын халыққа көрсетеміз. Ешқандай жасырғым жоқ. Былтыр рұқсатнама алғанда Экология комитеті бізге шарт қойған Жылыой ауданында тағы бір зерттеу жүргізу. Биыл шілде айында басталды. Бар жыл бойы жүргізіледі. Зерделеп болған соң қорытындысы айтылады. Сосын жаңағы сіз айтып отырған ғимараттарды бұзғаннан жаңағы шаң Майкөмгенге келеді деп жатырсыз ғой, бұл ғимараттар жаңа Құлсарыдағы бұзылып жатқан 4 қатарлы 2 қатарлы үйлер сияқты, міне, жазылып тұр , конференция зал ғимаратын бұзу, кеңсе контейнерді істен шығарып жою, мұржаны, дымоходты бұзу, Құлсарыда да сондай ғимараттар бұзылып жатыр. Ол ту ана 45 шақырым жерге келмейді.	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды
---	--	---

		Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Нұрадин Жұмашевич, бұл кісінің алаңдап отырғаны енді Сіз айтып отырғаныңыз ол жилой үйлер ғой, ал ТШО-да ол выброс болғаннан кейін мына жаққа ауасы бізге келе ме, келмей ме деп алаңдауы дұрыс қой. Енді соны Құлсарының басындағы ғимаратпен салыстырудың қажеттілігі жоқ. Нұрадин Өмірбаев – ТШО Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі: Бұл да сондай конференция зал деп жатқаным ғой. Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Сұрақты түсіндік. Экологиялық аудитты соның бәрін хаттама енгізіп қоямыз. Жақсы, рахмет! Басқа сұрақ қоюшылар бар ма? Аты жөніңізді толық айтып кетсеңіз.	
3	Нургалиева Айжан Амирхановна – «Самға» Салатсыздарма! Біздер былтыр осы Самға орталығын ашуды сұрадық. Былтыр осы ашылды рахмет сіздерге! Соны біздер ары қарай дамытуын сұраймыз, жабылмаса екен дейміз. Бізде Тенгиз жақтан жел соққанда бізде шаң болады. Иісі страшный болады. Біздің ауыл кішкентай ауыл болғанымен, біздер де дамымай жатқан балдар көп. Мен сол ата ананың бірімін. Осы Тенгиздің әсерінен біздің ауылда кішкентай ауыл болсақ та дамымай жатырған балдарымыз көп. Менің ұсынысым - Самға орталығы ашылды. Сіздерге рахмет, алғыс айтамыз. 4-5 ата-ана келіп отырмыз, сол бізге жабылмай ары қарай жұмыс жасай берсе дейміз. Ләйлә Сұлтанбаева Ары қарай біз Құлсарыға қатынаймыз. Біздерге да оңай емес, 45 минут жүріп барамыз. Майкөмгеннің басында уй жалданып жатыр. Сол біздің айтатынымыз, рахмет.	Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Сіздің ұсынысыңыз қандай сонда? Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы Самға ұйымың қай ұйым жасап жатыр? Келесі жылға ұсыным бердіңіз бе ТШОға? Жақсы, енді бұл үкіметтік емес ұйым ғой жүзеге асырылып жатқан. Келесі жылға да мына ұсынымдар беретін болады ТШО компаниясына. Оны да енгізіп қоямыз. Жақсы, қажетті дүние болатын болса, оны бізде не ұсыным береміз оны жаппау жөнінде. Қабылданды.	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы мен мақсатына сәйкес келмейтін сұрақ. Ұсыныс ретінде хаттамаға енгізілді

4	Сұлтанбаева Ләйлә Ұбайдоллақызы - «Ойсана» қоғамдық бірлестігі Сіздерге былтыр ата-аналардың ұсынысымен осы Самға орталығын аштық. Майкөмгеннің балалары Құлсарыға келе алмайтын болды, бірақ ата-аналарға ескертілді бұл уақытша деп. Себебі 1-2 жылда осы Майкөмгеннің өзінде мектеп салынады. Үлкен мектеп салынған соң сол мектептің ішінен өзіміз оборудовать етіп коррекционный центр ашып кіреміз сонда деп. Себебі ол үнемі ақшаны требовать етеді бөлек центр. Түсініп тұрсыздар ғой, оның зарплатасы бар, содержаниясы бар. Қазір біздер ашып бердік. Ата-аналарға да айттық. Иә, сіздерге де рахмет. Бірақ бұл уақытша екенін түсінуіміз қажет. Мен келесі жылға тағы созамын, бірақ мектеп ашылғанға дейін. Үлкен мектеп ашылады. 1-2 жылда соғылады мектеп. Сол мектептің ішін оборудовать етіп береміз. Ары қарай коррекционно өзінің штаттық режимінде жұмысын жалғастыратын болады. Бұған дейін жалғастырамыз. Рахмет.	Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Жақсы, рахмет! Жалпы бұл жобаны ТШО болса да, біздің Жылыойдың халқы ғой. Соған байланысты мен де сізге айтайын, мына бізге мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа ұсыным берсеңіздер, ары қарай бюджеттен де қаржыландыру ретін қарастырайық.	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы мен мақсатына сәйкес келмейтін сұрақ. Ұсыныс ретінде хаттамаға енгізілді
5	Төлегенов Ахметжан – зейнеткер, Майкөмгеннің байырғы тұрғыны Мен Бақтыгүл қарындасымды қолдап кетейін деп едім. Менің көршім бар, күнде ауырады әйелімен. Сол жақында Астанаға кетті. Астанада жұмыс жасап жатыр қазір. Күзге қарай келемін дейді. Ал сол анда барғаннан кейін тіпті 2 жұмыс жасап жатырмын дейді. Басым ауырмайды дейді. Мына экологияға байланысты ғой.	Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Ахметжан аға, рахмет! Жаңа Мұхтаровна ұсынысын берді ғой. Экологиялық аудитті айтты, тексеруді айтты. Иә, ауа сапасын тексеруді айтты. Оның бәрін хаттамаға енгіземіз.	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы мен мақсатына сәйкес келмейтін сұрақ хаттамаға енгізілді
6	Ермекбайұлы Нұрлыбек - Майкөмген тұрғыны Менде 2 ұсыныс болып тұр. Бізде барлық проектісі дайын саябақтың орны бар. Оны осындай қоғамдық тыңдаудың нәтижесінде НСС компаниясына салдыртқан болатынбыз. Енді сол саябақты ары қарай жалғастыру үшін, тек ол қоршау болып тұр да қазір, соны игілік бағдарламасына қосып, тал егіп, ары қарай саябақтың ішін толықтырып, адам отыратын жері мен, керек десеңіз, фонтанымен біздерге ТШО салып берсе. Және соны игілік бағдарламасына енгізсе деген ұсынысымыз бар. Екінші ұсынысым, бізде Орталық Азия қоры және қоғамдық кеңістіктер дейтін жоба бар. Сол жобаны да 2026 жылға созсаныздар. Өйткені ол жобадан жалғыз Майкөмген емес, бүткіл Жылыойдағы ауылдар өздеріне қажетті шағын бюджетті заттарды салып жатыр: ойын алаңдары, воркаут алаңдары, футбол алаңдары деген сияқты. Мысалы, біздің қасымызда салынып жатқан сахна да соның жемісі болып есептеледі. Рахмет. Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Рахмет. Нұржарық Сағиұлы, жаңағы айтылған проект экспертизадан өтті ме? Бар ма? Экспертизадан өтіп тұрған проект, кәдімгідей мемлекеттік сараптамадан өтіп, да? Біздің бюджет ше?	Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Рахмет, хаттамаға кіреді. Тұрғындар басқа сұрақтарыңыз, ұсыныс, пікірлеріңіз. Зумда бар ма? Сауытов Нұржарық Сағиұлы– Майкөмген ауылдық округінің әкімі: Иә, өткен. Қаражат бәрі белгіленген.	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы мен мақсатына сәйкес келмейтін сұрақ. Ұсыныс ретінде хаттамаға енгізілді

	Екіншісі жаңағы қоғамдық кеңістіктер жобасы ғой ТШО компаниясының қаржыландырып отырған. Соны 2026 жылға созу туралы ұсыныс.	Кеше ауданнан сұрағанмын, ТШОға ұсынамыз деді.	
7	Өтегенова Бақтыгүл Мұхтарқызы - Қоғамдық кеңес мүшесі: Экологиялық аудит қайда? Сіздер басында қосылуға болмайды дедіңіздер ғой.	Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Құрметті қатысушылар, егер де сұрақ легі тоқталса, мен қоғамдық тыңдауды аяқтауды ұсынамын. Қарсылық бар ма? Құрметті қатысушылар, бүгін ТШО компаниясының жоспарланған қызметке қатысты жобалар бойынша әсер ету экологиялық рұқсат алу мақсатында әзірленген өтініш құжаттамасын. Жаңа сіздің берген сұрақтарыңыздың ішінде жауап берілді. Берілмегеніне біз экологиялық аудитті хаттамаға енгізейін деп отырмыз. Иә, міндетті түрде оны хаттамаға енгізейін деп отырмыз. Хаттамаға сәйкес 1 ай, 2 ай ішінде жауап міндетті түрде берілетін болады. Екіншісі жаңа зерттеу бойынша. Ол зерттеу жұмыстары жүріп жатыр деп айтылды. Зерттеуді жасап жатыр, әлі қорытындысы шыққан жоқ деп жауап берді ғой. Нұртас Кенганов – ТШО Өндірісті оңтайландыру / еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бас менеджері: Жаңа айтылды ғой, зерттеуде басталды деп. Жергілікті өкілдер көргілеріңіз келсе қосылуларыңызға болады. Лаборатория айналасыңызда жүр ғой. Біз жақтан ешқандай қарсылық жоқ. Қалай өткізіліп жатырғанын көруге болады. Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Мұхтаровна, Байтақ партиясынан келіп қатысып көріп кеткен екен. Сіз қатыссаңыз да, жалпы қоғамдық кеңес мүшелерін қатыстырайық. Нұртас Кенганов – ТШО Өндірісті оңтайландыру / еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бас менеджері: Біз жақтан қарсылық жоқ. Қанша орын алады, қалай өткізіп жатыр. Осы жердегі лабораторияларының сынама алуын барып көруге болады. Айшуақова Гүлнафис Аязберікқызы – Жылыой ауданы әкімінің	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды

	Осы жердегі ауру-сырқау туралы айтып бере алмайсыздар ма сонда? Біздерді жақын деп осында әдейі келіп отырсыздар ғой. Сонда бұнда не үшін келіп отырсыздар? Лимитті, шаңды көрсетіп отырсыздар, ар жағындағыны көрсете алмайсыздар ма сонда? Айта алмасаңыздар онда қажеті жоқ. Бергі жағын айтып, арғы жағын айтпай отырсыздар. Зиян келетін жағын айтпай отырсыздар.	орынбасары, Қоғамдық тыңдаудың Төрағасы: Онда байланыс телефондары бар ғой. Осы жаққа келгенде бірге алып қатыстырарсыздар. Мұхтаровна, осы жерде отырған азаматтардың әрқайсысы. Кешегіде мемлекет басшысы өз сөзінде айтып өтті, осындай жиындарды немесе тыңдауларды осындай сөзге түсінбейтін азаматтар мен азаматшалар келіп, өткізбеу мәселесін қатты қарайды деп. Қазір манадан бері сіз де сөйлеп отырсыз, мен де сөйлеп отырмын. Мен де осы жердің азаматтымын, мен де алаңдаймын осы жердің жұмыстарының барлығына. Мен тек мемлекеттік қызметші болып, мемлекеттік қызметтің этикасын сақтап отырмын. Мен де сөз сөйлей аламын тұрып, мен де айта аламын. Бірақ сіз сөйлегенде осы жерде ешкім бөлген жоқ қой. Енді сіз де біздің сөзімізді бөлмеуіңізді сұраймын. Соған байланысты жаңа сіздің берген ұсынымдардыңыз бар, жалпы қоғамдық тыңдауды өткізбеу туралы ережеде көрсетілген қандай себептермен өткізілмейтіні. Бұл жерде ең бастысы ол төрағаның жауапкершілігінде. Бұл жерде жауапқа сізді тартпайды, немесе хатшыны тартпайды, немесе ТШО өкілін тартпайды. Ол жерде төрағаны тартады. Соған байланысты мен мәселені объективті түрде қараймын. Егер де қандай да шағым болатын болса, үстімнен шағым беріңіздер. Мен оны әрқайсына жауап беруге дайынмын. Құрметті тұрғындар, жаңа айтылып кетті ұсыныс – пікірлер, барлық видео, аудио запись, бәрі жүріп жатыр ғой. Экология департаментінен азаматтарға түсіп отыр. Жаңа Мұхтаровнаның және осы жерде айтылған тұрғындардың ұсыныстары міндетті түрде хаттамаға енгізілу керек. Сосын жаңағы зерттеу жұмыстарына біздің осы қоғамдық кеңестің мүшелерін міндетті түрде қатыстырыңыздар. Құрметті тұрғындар, жоспарланған қызметке қатысты жобалар бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алу мақсатында әзірленген өтінім құжаттамасы оңайлатылған тәртіппен жүргізілген экологиялық бағалау материалдары негізінде қарау бойынша қоғамдық тыңдау өткізу ережесіне сәйкес өткізілді. Экология мәселелеріне қатысты сұрақтарға жауаптар берілді. Сондықтан да осы қоғамдық тыңдауды өтті деп танимын. Жаңағы қоғамдық тыңдаудың хатшысы екі күн мерзім ішінде хаттаманы дайындап, жаңағы барлық ұсыныс пікірлер енгізілсін және осы қоғамдық тыңдаудың нәтижесі порталда және өзінің ресми интернет ресурсында орналастырсын. Барша қатысушыларға рахмет! Күндеріңізге сәттілік!	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы мен мақсатына сәйкес келмейтін сұрақ. Ұсыныс ретінде хаттамаға енгізілді
--	---	---	---

8	Зумнан келіп түскен сұрақ: Али Саменов – Жылыой ауданы "Байтақ" жасылдар партиясы: Депутатты хатшы етіп қойғанба?	ТШО экология бөлімі: Қайырлы күн! Сұрағыңызға рахмет. Қоғамдық тыңдаудың хатшысы ретінде Сираж Жаңыл сайлау арқылы тағайындалды.	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы мен мақсатына сәйкес келмейтін сұрақ хаттамаға енгізілді
Қосымша ретінде: Аталған сұрақтар 8 қыркүйекте электрондық пошта арқылы келіп түсті. Жалпы түсіністік пен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында берілген сұрақтарға жауаптар ұсынылғанымен, олар Протоколға енгізілмеуі тиіс себебі сұрақтар белгіленген тәртіпке сәйкес – қоғамдық тыңдауларға дейінгі 3 жұмыс күні бұрын ұсынылмаған.			
9	Габдулмахит gabdul@yandex.ru Күн тәртібінде «Теңіз – Құлсары» құбырларын бөлшектеу жобасының бар екенін ескере отырып, қоғамдық тыңдалымдарды Құлсары қаласында өткізбеу туралы шешім қандай негізде қабылданды? Бұл шешім Қоғамдық тыңдалымдарды өткізу ережелерінің 7-бабының талаптарына қалай сәйкес келеді?	ТШО экология бөлімі: Қоғамдық тыңдаулар Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы №286 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларының» (бұдан әрі – Қағидалар) талаптарына толық сәйкес өткізілді. Қағидалардың 7-тармағына сәйкес, егер жоспарланған қызмет елді мекен аумағына әсер етпесе, қоғамдық тыңдаулар осы аудан аумағындағы нысанға ең жақын елді мекенде өткізіледі. Жүргізілген экологиялық бағалау нәтижелері бойынша жеңілдетілген тәртіппен қаралған 27 жобаны қамтитын бірыңғай құжаттар топтамасы елді мекендердің, соның ішінде Құлсары қаласының аумағына әсер етпейді. «Теңізшевройл» ЖШС ұсынған «Жылыой ауданы аумағында орналасқан, 28” «Теңіз–Құлсары» газ құбырын және 20” «Құлсары–Теңіз» су құбырын жерүсті нысандарымен бірге бөлшектеу жөніндегі СР-22-3093 жобасын іске асыру барысында бүлінген және бүлінетін жерлерді рекультивациялау» жобасы ҚР экологиялық заңнамасын сақтау мақсатында жалпы ауданы 0,5285 га жерді қалпына келтіруге бағытталған. Табиғатты қорғау іс-шарасы ретінде қарастырылатын бұл жоба аясында бұрын бөлшектелген газ және су құбырларының трассалары бойынша жерді қалпына келтіру көзделген. Жоба шеңберінде шығарындылар мен қалдықтардың көлемі барынша аз болады: есеп бойынша шығарындылар – 0,032 тонна, қалдықтар – 0,069 тонна. Осылайша, әсер ету сипатын, Қағидалар талаптарына сәйкестігін және әкімдікпен келісуді (шығыс №25322823001, 30.07.2025 ж.) ескере отырып, тыңдауларды Майкөмген ауылында өткізу себебі негізделген болып табылады.	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы мен мақсатына сәйкес келмейтін сұрақ хаттамаға енгізілді
10	Габдулмахит gabdul@yandex.ru	ТШО экология бөлімі: 2021 жылғы 3 тамыздағы №286 бұйрықпен бекітілген Қоғамдық	Сұрақтарға жауаптар берілді/ Сұрақтар жабылды

	Неліктен 27 түрлі жоба бір тыңдалымға біріктірілді? Неліктен әр жоба бөлек қаралмайды, бұл қоғамға тереңірек талдау жүргізуге және нақты сұрақтар қоюға мүмкіндік берер еді?	тыңдауларды өткізу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес, қоғам талқылауына шығарылатын құжаттар санына шектеу қойылмаған. Сонымен қатар, Қағидалардың 15-тармағына сәйкес, барлық құжаттар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын екі интернет-ресурста қолжетімді болуы тиіс. Осылайша, ТШО компаниясы ҚР қолданыстағы заңнамасы шеңберінде әрекет етеді.	
